## Білім беру бағдарламасының паспорты

| | |
|---|---|
| **Білім беру саласының коды мен жіктелуі** | 6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар |
| **Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі** | 6В082 Мал шаруашылығы |
| **Білім беру бағдарламасының коды мен атауы** | 6В08201 Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы |
| **Білім беру бағдараламасы аясында дайындау бейінінің картасы** | |
| **ББ мақсаты** | Кәсіби өсуге және кәсіби ұтқырлыққа қабілетті, ауыл шаруашылығы саласында жалпы мәдени, түйінді, жалпы кәсіби құзыреттерге, мал өсіруші технологтың кәсіби құзыреттеріне ие білікті тұлғаны қалыптастыру |
| **БББ оқыту нәтижелері/** | 1. Әртүрлі тілдік және мәдени ортада ақпараттық сауаттылық, еркін қарым-қатынас дағдыларын меңгеріп, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің мәнін түсінуді ескере отырып, ақпаратты талдайды және ұсынады<br>2. Ақпаратты іздеуді өз бетінше жүзеге асыра алады, қалыптасқан дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдары негізінде пайымдаулар жасау үшін оны түсіндіре алады, әлеуметтік және өндірістік саладағы құбылыстар мен оқиғаларға қатысты өз пайымдауларын дәлелдей алады<br>3. Өзін-өзі жетілдіруге, оның ішінде дене бітімі мен кәсіби жетілуге ұмтылысын көрсетеді, топта жұмыс істейді, шешім қабылдайды, даулы жағдайларды шешеді, көшбасшылық қасиеттерді көрсетеді, салауатты өмір салтына бағдарланады<br>4. Зерттеу қызметіне ұйымдастырушылық көзқарас негізінде әртүрлі табиғат жүйелерінің мінез-құлқын талдайды<br>5. Ауыл шаруашылығы малдарының әртүрлі түрлері бойынша асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу дағдысы болуы тиіс. Рационды құрастыру, табынның өсімін молайтуды ұйымдастыру, төлді өсіру үшін ауыл шаруашылығы жануарларының әртүрлі түрлерінің биологиялық және шаруашылық ерекшеліктері туралы білімдерін қолдану<br>6. Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының жоғары сапалы экологиялық таза өнімдерін өндіру жүйесінде олардың өзіндік құнын төмендету кезінде технологияларды әзірлеу; зоогигиеналық талаптарға сәйкес жануарларды қоралық және жайылымдық ұстауды ұйымдастыру.<br>7. Асыл тұқымды және тауар шаруашылығында міндеттерді шешу үшін инновациялық технологияларды, эксперименттік мәліметтерді өңдеудің жаңа биометриялық әдістерін қолдану. Эксперименталды деректерді компьютерлік өңдеудің заманауи әдістерін және жүргізілген зерттеулердің |

| | |
|---|---|
| | нәтижелерін ұсынуды, мал шаруашылығындағы ғылыми-зерттеу қызметінің әдіснамасын меңгеру.<br>8. Сүттегі май мен ақуыздың құрамын, сүттің қышқылдығы мен тығыздығын, жануар және өсімдік тектес тауарлардың белгілері мен жіктелуін, жануар және өсімдік тектес ерекше тауарлардың жекелеген түрлерін, жануарлар және өсімдік тектес тауарлар ретінде фауна мен флора объектілерін кедендік сараптаудың ерекшеліктерін анықтауды жүзеге асыру.<br>9. Ауыл шаруашылығы малдарының асыл тұқымдық және өнімділік сапасын арттыру үшін мал өнімдерін зерттеу және ветеринарлық-санитарлық бағалау әдістерін қолдану<br>10. Мал шаруашылығы өнімдерін сату және маркетинг, асылдандыру жұмыстарын жүргізу мақсатында малдардың зоотехникалық және асылдандыру есебін жүргізу. Төлді өсіру және жануарларды азықтандыру үшін заманауи инновациялық әдістерді енгізу. Жануарлардың сандық және сапалық көрсеткіштерін арттыру үшін отандық және шетелдік селекцияның жоғары өнімді тұқымдарын пайдалану.<br>11. Еңбек қауіпсіздігі үшін кәсіпорындарға стандарттарды, еңбекті қорғауды басқарудың нормативтік негіздерін, еңбекті қорғау жөніндегі Негізгі заңнамалық және нормативтік актілерді, еңбек қарқындылығын, қауіпті және зиянды өндірістік факторларды, зиянды заттардың жіктелуін ескере отырып, маркетинг жағдайында еңбек пен демалысты оңтайландыру жөніндегі стандарттарды енгізуді жүзеге асыру.<br>12. Қоршаған табиғи ортаны қорғаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, зерттеу институттарының ғылыми зертханаларында жұмыс істеу дағдыларын меңгеру. |
| **Түлектің біліктілік сипаттамасы** | |
| **Берілетін дәреже:** | 6B08201 мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры |
| **Лауазымдарының тізімі** | - сүт есептегіші;<br>- ферма меңгерушісі;<br>- зоотехник-селекционер;<br>- өндірісті басқарушы;<br>- ғылыми-зерттеу институтының қызметкері;<br>- ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары;<br>- кәсіпорынның бас зоотехнигі;<br>- агроөнеркәсіптік кешен мамандары. |

| | |
|---|---|
| **Кәсіби қызмет объектісі** | Шаруа қожалықтары, ЖШС, жеке кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы басқармалары, азық-түлік зертханалары, ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік мекемелері, әртүрлі меншік нысанындағы мал шаруашылығы, құс фабрикасы, асыл тұқымды шаруашылықтар мен асыл тұқымды зауыттар, хайуанаттар бағы, ғылыми зертханалар, қорықтар, мал шаруашылығы бағытындағы фирмалар және кәсіптік-техникалық оқу орындары |